# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР
# INTERNATIONAL RELATIONS
# МЕЖДУНАРОДНЫЕ ОТНОШЕНИЯ

## ТАЛИБАН 2.0 ҮКІМЕТІНІҢ ЛЕГИТИМДІЛІК МӘСЕЛЕСІ ШЕҢБЕРІНДЕГІ АУҒАНСТАН-ПӘКІСТАН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

**Қайрат АБУОВ*** — *ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы Дипломатия институтының докторанты, Астана, Қазақстан, abuov1980@mail.ru*

**Айболат ДАЛЕЛХАН** — *ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы Дипломатия институты профессорының м.а., Астана, Қазақстан, dalelkhan@gmail.com*

**Камилла ШЕРЬЯЗДАНОВА** — *ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы Дипломатия институтының профессоры, Астана, Қазақстан, kamilla_sheryazdanova@mail.ru*

**Қолжазбаның редакцияға түскен күні: 22/05/2023**

**DOI: 10.52123/1994-2370-2023-1075**
**ӘОЖ 327**
**ҒТАХТК 11.25.91**

**Аңдатпа.** Мақалада Ауғанстанда билікке екінші мәрте келген талибтердің стратегиялық ұстанымдары мен сыртқы саяси қарым-қатынастарының сипаты талқыланған. Бүгінгі Ауғанстан үкіметіне Талибан 2.0 деген шартты атау бере отырып, оның Талибан 1.0 билігімен ұқсастығын әрі айырмашылығын зерттеген. Талибан 1.0 билігін алғашқы болып таныған және өзге мемлекеттердің мойындауына ықпал еткен Пәкістан мемлекетінің бүгінгі Талибан 2.0 билігіне қатысты ұстанып отырған саяси пайымына кешенді талдау жасалған. Талибан 2.0 билігінің легитимдік мәселесіне қатысты аймақтық және жаһандық ойыншылардың ұстанымдары зерделенген. Ауғанстанмен де-факто қатынастар орнатып, әр түрлі деңгейде ынтымақтасып жатқан мемлекеттердің геосаяси пайымдарына реалистік теория тұрғысынан баға берілген. Сонымен қатар, мақала авторлары саяси реализм тұрғысынан Ауғанстан болашағын сценарий жасау тәсілі арқылы бағалауға тырысқан.
**Түйін сөздер:** Ауғанстан, Пәкістан, талибан, қауіпсіздік жүйесі, Орталық Азия қауіпсіздігі.

**Abstract.** The article discusses the strategic positions and nature of foreign political relations of the Taliban, which came to power in Afghanistan for the second time. Naming the current government of Afghanistan as a Taliban 2.0, experts tried to explore the similarities and differences between it and the government of Taliban 1.0. Implemented a comprehensive analysis of Pakistan's political vision towards current Taliban 2.0 regime because Pakistan was the first state to recognize the authority of Taliban 1.0 regime in Afghanistan and contributed to the recognition of other states. Also, determined the positions of regional and global players regarding the issue of legitimacy of Taliban 2.0 rule. Evaluated from the point of view of realist theory the geopolitical views of the states that have established de facto relations with Afghanistan and are cooperating at different levels. In addition, the authors of the article tried to forecast the future of Afghanistan from the point of view of political realism through the method of creating a scenario.
**Keywords:** Afghanistan, Pakistan, Taliban, security system, Central Asian security.

**Аннотация.** В статье рассматриваются стратегические позиции и характер внешнеполитических связей талибов, пришедших к власти в Афганистане во второй раз. Назвав нынешнее правительство Афганистана Талибаном 2.0, эксперты попытались изучить сходства и различия между ним и правительством Талибана 1.0. Проведен

* *Хат-хабарларға арналған автор: Қ. Абуов, abuov1980@mail.ru*

всесторонний анализ политического видения Пакистана в отношении нынешнего режима «Талибан 2.0», поскольку Пакистан был первым государством, признавшим власть режима «Талибан 1.0» в Афганистане, и способствовал признанию другими государствами. Также определены позиции региональных и глобальных игроков по вопросу легитимности правления талибов 2.0. Оценены с точки зрения теории реализма геополитические взгляды государств, установивших де-факто отношения с Афганистаном и сотрудничающих на разных уровнях. Кроме того, авторы статьи попытались спрогнозировать будущее Афганистана посредством метода создания сценария.
**Ключевые слова:** Афганистан, Пакистан, талибан, система безопасности, безопасность Центральной Азии.

## Кіріспе

Қырғи-қабақ соғысы жылдарында Ауғанстан да қос идеологияның теке-тіресі орын алған өңірлердің бірі болғаны анық. АҚШ пен Кеңес Одағының мүдделік ойын алаңына айналған ауған елі ұзақ уақыт өздерінің қасіретті жылдарын басынан кешіріп келеді. Кеңес әскерлері 1979 жылы елге енгізілген соң Ауғанстан нағыз ұлы державалардың мүдделер қақтығысы алаңына айналып сала берді. «Соғыс жағдайында барлық тәсіл тиімді» деген реалистік теориялық пайымды басшылыққа алған астамдержавалар бір-біріне қарсы әрекетте ауған халқының қолымен от көсеп, «proxy war» (қарсыласушы екі тараптың үшінші елдегі шиеленісті жағдайды өз мақсаттарына пайдалануы) айла-тәсілдерін кеңінен пайдаланды. Ауған халқының діни-этникалық ерекшеліктерін соғыс құралына айналдырып жіберді. Бұл жағдай Ауғанстан елінің алдағы болашағының қандай боларын айқындап берді десе де болады. Қоскіндікті жүйе ыдыраған кезден кейінгі ауған мемлекеті бетпе-бет келген күрделі саяси жағдай осы дағдарыстың заңды жалғасы болды.

1989 жылы Кеңес әскері Ауғанстан аумағынан шығарылған соң елдегі ішкі жағдай мүлде күрделеніп кетті. Бір кездері діни, этникалық топтар бірлесіп сырттан келген басқыншылармен күрескен болса енді өзара билікке талас-тартыс басталды. Ауғанстанда 1990-шы жылдардың ортасында орын алған азамат соғысында этникалық пуштундардан құралған Талибан қозғалысы өзін жақсы ұйымдасқан әскери құрылым ретінде көрсете білді. 2001 жылғы 11 қыркүйекте АҚШ-қа қарсы ұйымдастырылған террористік шабуылдардан кейін АҚШ үкіметі Аль-Каида террористік ұйымының жетекшілерін жазалау мақсатында Ауғанстан аумағында жасырынып жүрген нөмірі бірінші террорист Усама Бен Ладенді ұстап беруді Талибан үкіметінен талап еткен сәтте талиб билігі бұл талапты орындаудан бас тартқан еді [1]. Осыдан кейін Пәкістан тарапынан саяси және стратегиялық қолдауға ие болған бірінші Талибан үкіметі (1996-2001) АҚШ бастаған НАТО әскерлері тарапынан биліктен құлатылды. Талибан қозғалысы биліктен кеткен уақытта жаңадан сайлау өткізіліп, Хамид Карзай Президент болып екі рет мерзімге (2001-2014) қызмет атқарды. Келесі Президент болып Ашраф Гани сайланып билік жүргізді (2014-2021). Алайда аталған президенттер Ауғанстанда тұрақты саяси-экономикалық дамуға жол бастар тиімді басқару жүйесін қалаптастыра алмады [2].

АҚШ-тың қолдауымен билікке келген ауған үкіметінің елді басқарудағы қабілетінің төмендігі және қауіпсіздік мәселелерін толықтай шеше алмауы, АҚШ мүдделеріне қарсы күресіп жүрген содыр ұйымдардың толықтай жойылмауы және Орталық және Оңтүстік Азиядағы ықпалын сақтау себептері АҚШ бастаған әскери күштердің елде ұзақ мерзімге қалуына негіздеме берді [3]. Алайда ішкі саяси факторларға, сондай-ақ стратегиялық мүдделердің Оңтүстік Азиядан Үнді-Тынық мұхиты аймағына ауысуына байланысты АҚШ Талибанмен келісімге келгеннен кейін 2021 жылдың тамызында Ауғанстаннан шығу туралы шешім қабылдады [4].

Биліктен тайған президент Ашраф Ғани өз өмірін аман сақтап қалу үшін елден жасырын қашуға мәжбүр болды [5]. Талибанның жоғары бас қолбасшысы молла Хайбатулла Ахунзада басшылығындағы құрылым Ауғанстанның саяси сахнасына 20 жыл мерзім өткеннен кейін қайта оралды. Өз зерттеулерімізде талибтердің бүгінгі билігін шартты түрде Талибан 2.0 деп атадық.

Жиырма жылдан бері соғыс болып жатқан ауған елінде АҚШ өз азаматтарын эвакуациялау үшін ауқымды құтқару операциясын бастауға шешім қабылдады. Атап өту қажет, Талибан әскери ұстамдылық танытып, АҚШ әскеріне қарсы ешқандай әрекеттер жасамай бейбіт түрде елді тастап кетуге кедергі келтірмеді. Дегенмен, Талибаннан бөлек «Хорасан аймағының Ислам мемлекеті» ұйымы сияқты басқа да содырлық ұйымдар АҚШ әскерін шығару кезінде және одан кейін

бейбіт тұрғындар мен қауіпсіздік күштерін нысанаға алды [6]. Әкімшілік басқару тұрғыдан алғанда, талибтер Ауғанстанды бір жылдан астам бақылауда ұстап отыр. Дегенмен, әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан алғанда, ел ауыр гуманитарлық дағдарысқа тап болды. Талибан 2.0 билігін АҚШ және Қытай сияқты ірі державалар да, Талибан 1.0 билігін заңды түрде таныған Пәкістан да де-юре мойындамайды. Алайда Қытай, Ресей және Пәкістан Талибан режимін іс жүзінде мақұлдап, әр түрлі деңгейде қарым-қатынастар жасап отыр [7]. Соның ішінде Пәкістан тәрізді Талибан билігіне ықпалды болып келген мемлекеттің қазіргі ауған билігін заңды түрде танымауы өңірлік қауіпсіздіктің жаңа сын-тегеуріндерін шынайы бағалауда қиындықтар туындатары сөзсіз. Бұл Орталық Азия елдері үшін аса өзекті сұрақ.

Пәкістан мемлекеті бүгінгі талибтерді ресми мойындамағанымен өңірдегі ұлттық мүддесіне сай Ауғанстанмен өзі үшін ұтымды саясат ұстанары анық. Осы жағдайларды ескере отырып, зерттеу жұмысында Талибан 2.0 билігі мен Пәкістан арасындағы қатынастардың қазіргі сипатына кешенді талдау жасау мақсат етілді. Аталмыш мақсатқа қол жеткізу барысында келесідей міндеттер айқындалды:

- қазіргі геосаяси толқыныстар шеңберінде Талибан 2.0 билігінің халықаралық немесе аймақтық деңгейде заңды үкімет ретінде танылу мүмкіндігін қарастыру;
- Талибан 2.0 билігінің халықаралық деңгейде де-юре танылауына көмектесуге Пәкістан билігінің ынта-жігерін зерделеу;
- Талибан ішіндегі шиеленістер ауған-пәкістан екіжақты қарым-қатынастарына әсер етуі ықтималдығын пайымдау;
- Пәкістанның үкіметінің «Техрик-е-Талибан Пәкістан» ұйымына деген көзқарасы (TTP) және керісінше олардың Пәкістанға деген көзқарастарын сараптау.

## Әдістеме

Зерттеу мәселесі бүгінгі таңда аса өзектілігімен қатар, күрделілігімен де ерекшеленеді. Соңғы отыз жылға жуық уақыт ішінде мемлекеттің билігіне халықаралық қауымдастық тарапынан террористік ұйым ретінде танылған құрылымның екі рет келуі мәселеге бір жақты қарауға келмейтіндігін айғақтаса керек. Әсіресе Талибан 2.0 құрылымының билікке салыстырмалы түрде анағұрлым бейбіт жағдайда келуі Ауғанстан мәселесіне әр түрлі теориялық пайымдар мен тәсілдердің негізінде тереңірек үңілуге мәжбүрлейді. Талибан қозғалысының пайда болу алғышарттары мен олардың ауған халқының басым көпшілігі тарапынан қолдау табу заңдылықтарын терең түсіну мақсатында тарихи-өркениеттік сараптау тәсілі кеңінен пайдаланылды. Сонымен қатар, Талибан 2.0 билігіне қатысты халықаралық қауымдастықтың нақты пайымы мен стратегиялық ұстанымдарының табиғатын кешенді түсіну үшін зерттеулер барысында ресми құжаттар мен ғылыми жарияланымдарға құрылымдық талдау және жүйелеу тәсілдері қолданылды.

Соңғы онжылдықта орын алып жатқан әлемдегі геосаяси тербелістер қатарынан Ауғастандағы жағдайды жеке-дара алып қарауға келмейді. Қазіргі алма-ғайып геосаяси толқыныстар барысында реалистік теориялық пайымдардың басым алып тұрғаны жасырын емес. Әлемнің бірде де бір мемлекеті ресми тұрғыда танымағанына қарамастан Талибан 2.0 билігімен әр түрлі деңгейде ынтымақтастық орнатып жатқан мемлекеттер де аз емес. Мұндай мемлекеттер өздерінің сыртқы саяси пайымдары мен ұстанымдарында саяси реализм басшылыққа алатыны сөзсіз. Сол себептен де, Ауғанстан болашағын сценарий жасау тәсілі арқылы бағалауда саяси реализм теориясына басымдық берілді.

## Талибан 2.0 саясаты мен стратегиясы

2021 жылығы 15 тамызда Кабулды бақылауға алған Талибан қозғалысы бүкіл Ауғанстанда өзінің саяси жеңісін жариялады. Бұрынғы антисоветтік және талибтерге қарсы ауған қолбасшысы Ахмад Шах Масудтың ұлы Ауғанстанның ұлттық қарсыласу майданының жетекшісі Ахмад Масуд Панджшир алқабындағы Талибандарға қарсылық көрсеткенімен күштердің ара салмағында айтарлықтай басымдықтың Талибан жағында болуы және Ахмад Масудқа үлкен державалар тарапынан ешқандай нақты қолдау болмағандықтан Иранға кетуге мәжбүр болды. Кейіннен 2022 жылдың қаңтарынан бастап Талибанмен билікті бөлісу туралы

келіссөздер жүргізе бастады [8]. Тағы бір қолбасшы Гераттық Исмаил хан да алғашында қарсылық көрсеткенімен, кейіннен саяси жолды таңдап күш қолданудан гөрі келіссөздерді артық көрді. Басқа аймақтарда соңғы екі жылда Талибан қозғалысы әкімшілік және әскери құрылымдарын құрып үлгерген болатын. Сонымен қатар, АҚШ бастаған Батыс әскери күштері 2020 жылғы Доха келісіміне сәйкес елден шығарылған уақытта Ашраф Ғани үкіметінің қауіпсіздік саласындағы саяси әлсіздігін көрсетіп, нәтижесінде 15 тамызда талибтердің үкімет билігін айтарлықтай қарсылықсыз басып алуына алып келді. Ғани Президенттік сарайдан ғана емес, елден де күмәнді түрде қашып кетті. Үкіметтің басқа мүшелері, соның ішінде вице-президент Амрулла Салех пен бірнеше белді саясаткерлердің билікті бірден тастап кетуіне байланысты ел билігі тәліптердің бақылауына кедергісіз өтуіне ол өз кезегінде босап қалған биліктегі вакуумды Талибан құрылымдық күштері мен идеологиясы толықтыруына алып келді [9].

Билікті басып алғаннан кейін Талибан 2.0 қозғалысының саяси басшылығы мен оның саясаты әртүрлі мүдделі аймақтық және халықаралық ұйымдардың, көрші елдердің және гуманитарлық агенттіктерінің назарын өзіне аударды. Себебі Талибан 1.0 билігі (1996-2001) билікке келген уақытта ел астанасы Кабул қаласын қатыгездікпен жаулап алған болатын. Сол себепті халықаралық қауымдастық Талибан 2.0 билігін бірінші билікпен салыстыруы заңды еді. Оның үстіне олар елді қарабайыр жолмен басқарып, әкімшілік пен заң тұрғысынан пуритандық исламның нұсқасын қолданады. Осылайша, жыныстық кемсіту, рулық және тайпалық экономикалық қатынастар, ескі замандағы жазалау әдістері және ортағасырлық дипломатия сол кезеңде Талибан билігінің визиттік карточкасына айналды [10].

Ауғанстанда Талибанның бірінші билігін ресми мойындаған Пәкістан және Парсы шығанағында екі ел болғанымен, қалған ірі мелкететер оның ішінде АҚШ, Қытай, Ресей және Еуропалық Одақ елдері елде әйелдердің білім алу құқығы сақталмағандықтан осы мәселені алға тартып қатаң саясат жүргізді. Дегенмен 2001 жылғы 9/11 оқиғасынан кейін Усама Бен Ладеннің Ауғанстанда жасырынып жүруі мен оны АҚШ үкіметіне ұстап беруге Талибанның үзілді кесілді қарсы болуы жағдайды ушықтырып, Талибан үкіметінің құлауына және 2001 жылғы желтоқсан айында Батыстық үлгідегі демократиялық ұстанымдағы үкімет жасақтау үшін Бонн келісімдеріне қол қойылды [11].

Салыстырмалы түрде қарағанда Талибан 2.0 билігінің жүргізіп отырған саясаты мен саяси ұстанымдары бірінші режимімен ұқсастықтарының бар екенін көрсетеді. Бастапқы кезде 15 тамызда Кабулды басып алу кезінде Талибан қолбасшылары халыққа мейірімділік танытатынын жариялады. Дегенмен, олар әлі өздерінің әскери күшін әлеуметтік желілерді тиімді пайдалану арқылы көрсетпеген болатын. Сонымен қатар, кейбір БАҚ көздерінің хабарлауынша, олар елдің әртүрлі аймақтарындағы 100-ге жуық ең ықпалды қарсыластарын тұтқындап, кейбірін өлтірді [12]. Екіншіден, Ауғанстанды басқару мақсатында екінші Талибан үкіметі батыс елдерінің көз алдында өздерін ұстамды және жұмсақ етіп көрсету үшін әйелдердің жүріп тұруына тыйым салынбайтындығын, ең бастысы білім алуға шектеулер болмайтынын жариялады. Алайда, ел астанасы Кабул аумағында мектептер мен колледждерге қыздардың баруы жүріп жатқанымен елдің басқа аймақтарында қыздардың білім алуына қатаң түрде тыйым салына бастады [13]. Бұдан бөлек, 90-шы жылдардағы секілді музыкаға тыйым салу туралы хабарлар тарай бастады. Атап атқанда бұл мәселе Забул қаласында шықты [14]. Үшіншіден, Талибтердің бірінші билігімен салыстырғанда осы жолы Талибтер соңғы 1 жыл ішінде қалалық аумақтарды басқаруға маңызды орын беріп күрес жүргізді. 2021 жылдың тамыз айынан бастап жүздеген жазықсыз адамдар, Ислам мемлекеті (ДАИШ) террористік ұйымының Ауғанстан аумағындағы Хорасан бөлігі тарапынан террористік шабуылдардың нәтижесінде әсіресе азшылықты құрайтын топтардың мүшелері көптеп қаза тапты. Сонымен қатар, саяси көрегендік пен қаржылық ресурстардың жетіспеушілігінен инфрақұрылымды дамыту жұмыстары тиісті деңгейде іске асырылмады.

Ал елдің экономикалық даму бағытында елде ауыл шаруашылығының табиғи өнімі опиумды өсіру Талибан басшылығымен одан әрі күшейе түсті. Мұнда елдің өндіріс және қызмет көрсету

саласының дамуына нақты шаралар қабылданбаған. Талибан үкіметі елдегі билікті өз бақылауына алғаннан бері банктік сектордың жүйелі жұмысы күйреуге айналды [15]. Бұдан бөлек Талибан билігі көрші Пәкістан және Иранмен екіжақты өзара сауда қатынастарын бейресми түрде амалға асырған болса, оның өзі аз көлемде болуы Талибан үкіметінің халықаралық қауымдастықпен ресми мойындалмауы себеп болып табылады.

Бұған қосымша, Байден басшылығындағы АҚШ үкіметінің тарапынан Ауғанстанға тиесілі АҚШ банктерінде сақталып келген үлкен көлемдегі қаржының санкциялар салу арқылы бұғатталуы елді азық-түлікпен қамтамасыз ету деңгейінің нашарлауына, гуманитарлық ахуалдың қорқынышты деңгейге жақындап қалғандығы мен ауылды жерлердегі тұрғындардың тұрмыс деңгейінің төмендігі қосымша себеп болып отыр. Егер де елдің экономикасына тиесілі қаржыға уақытылы қол жеткізілгенде, қазіргідей күйдегі аштық және кедейшілік мәселелері тиімді шешілуіне жол ашылар еді [16].

Талибан 1.0 билігімен қазіргі кездегі Талибан 2.0 билігін салыстыратын болсақ бірінші билікті 3 мемлекет заңды түрде мойындаған болса, қазіргі екінші билікті әлемнің бірде-бір мемлекеті ресми мойындамай отыр. Пәкістан да мойындамады. Пәкістан қазіргі геосаяси жағдайды бағамдай отырып, әліптің артын бағып, АҚШ пен Батыс елдерінің Ауғанстанға ұстанып отырған саясатының суық әрі қатал екендігін дұрыс түсініп, өзінің экономикалық тұрғыда Батыс елдерінен келетін экономикалық көмекке тәуелді екендігін біле отырып, АҚШ пен Батыс елдерінің саясатына қарсы ұстанымын ашық айтпай Талибан қозғалысы Ауғанстанның заңды билігі екендігін жариялаған жоқ. Алайда Пәкістан үкіметі де-факто Талибан билігін мойындап оларға өз қолдауын білдірді.

**Легитимділік дағдарысының ұзаққа созылуы**

Ауғанстанға өзінің әкімшілік және әскери бақылауын орнатқан Талибан өзінің аймақтық және жаһандық державалар тарапынан дереу саяси және құқықтық мойындалуын күткен болуы мүмкін. Бірақ АҚШ үкіметі Талибанмен келіссөздер жүргізе отырып, елден коалиция әскерін 2021 жылдың тамызында бейбіт түрде шығаруды келіскен. Екі жақтың да аталған мәмілені жасағаны және Талибан билікті басып алғаннан кейін американдық және оның одақтастарының кетуіне кедергі жасамағаны - саясаттанушылар мен сарапшылар тарапынан Талибанды аймақтық және халықаралық державалар және Біріккен Ұлттар Ұйымы сияқты институттар дер кезінде мойындайды деп күтті. Бір қызығы, Талибанның талпыныстары нәтиже бермеді. Соңғы 1 жылдағы дипломатиялық динамизміне қарамастан, оларды әлемнің ешбір елі ресми түрде мойындамады. Алайда Пәкістан Талибан билігін іс жүзінде саяси мойындады. Бұл соңғысына Исламабадтағы елшілік жұмысын қайта бастауға мүмкіндік берді [17].

Дегенмен, Талибанды мойындау мәселесіне қатысты Пәкістан сақтықпен дипломатиялық ұстанымын ұстанып отыр. Пәкістан бірінші Талибан билігін мойындап қана қоймай, негізгі ойыншы болып әрекет еткен болатын. Сонымен қатар Сауд Арабиясы мен Біріккен Араб Әмірліктерін (БАӘ) Талибанды мойындауға үгіттеп сендірген болатын. Бұл жолы Исламабад бөлек ұстанымдағы саясатты жүргізіп отыр. Оған басты себептер кетінде келесілерді атауға болады:

Пәкістан билігі 1996 жылы Талибан өз қарсыластарын жеңгеннен кейін ресми түрде мойындаған алғашқы ел болды. Пәкістанның [әскери] билігі әрқашан Үндістанның аймақ ішінде және одан тыс жерлерде саясатына қарсы тұруға тырысты. Көршілес Ауғанстанда Талибан билікте болған кезде, Пәкістандық саясаткерлер Үндістанның Ауғанстанда қандай да бір маневр жасауға мүмкіндігі аз екеніне сенімді. Америка Құрама Штаттары сияқты елдер сауда байланыстарын дамыту үшін Талибанның жоғарғы басшылығымен байланыста болды. Қытай мен Ресей мемлекеттері Талибанмен белгілі бір деңгейде байланыста болды. Алайда 2001 жылғы 9 қыркүйектегі оқиғалар жағдайды күрт өзгертті. Талибанның мүмкіндіктері АҚШ-тың әскери күштеріне төтеп бере аламады. АҚШ үкіметі Талибанды мойындағаны үшін Пәкістанды айыптап, оған Талибанға қатысты ұстанымын өзгертуді талап етіп қысым көрсетті. Егер реализм тұрғысынан алатын болсақ, Пәкістан ешқашан американдықтар

немесе Үндістанның ауған елінде өз тұғырын орнатуын қалаған емес. Үндістанға қарсы тұру үшін Пәкістан өзі сенетін Талибанның бір бөлігіне стратегиялық қолдау көрсетті. Талибан біртұтас ұйым емес екендігін назарға алсақ, дәл сол сияқты, Үндістан мен Иран да Талибанның кейбір бөлігін өз бағытынша қолдаған болар еді. Қазіргі уақытта Талибан тағы да билікке келді. Пәкістан өзіне «Талибан жақтаушысы» деген айдар тағылмас үшін оларды жеке-дара мойындаудан тартыншақтап отыр. Себебі соңғы рет Талибанды 1996 жылы мойындағаннан кейін және 9/11 оқиғасынан бастап Батыс елдерінің көптеген сынына тап болды. Енді Пәкістан Ауғанстанды басқа да маңызды аймақтық және халықаралық державалармен бірге мойындағысы келеді. Себебі егер Талибан Батысқа қарсы әрекет етсе, Пәкістанды бұл үшін айыптауға негіз болмайды [18]. Осы айтылғандардан ескере отырып, Пәкістан өткеннен сабақ алған сияқты деген пайымға келуге болады.

Бүгінде Пәкістан аймақтық және жаһандық державаларды Талибан билігін ресми түрде тануға және ауған елінің гуманитарлық дағдарысқа тап болғандықтан оған экономикалық көмек көрсетуге шақырып отыр. Алайда Ауғанстанды тастап шыққан соң Вашингтон тарапынан Талибан 2.0 билігіне қатысты саяси ұстанымы аса қатаң болып қалып отыр. Сонымен қатар, Пәкістанның саяси және әскери элитасы Батыс және Қытай, Ресей және Иран сияқты басқа ойыншылармен қатар, басқа этностардың өкілдерін қамтитын «инклюзивті» саяси құрылымға баса назар аударып отыр [19]. Дипломатиялық тұрғыдан алғанда, инклюзивтілікке бағытталған ұстаным Пәкістанның позициясын тек плюралистік және эгалитарлы етіп қана қоймайды. Сонымен қатар Талибан ішіндегі билік тартысы жағдайында, мысалы, Барадар фракциясы мен Хакканилер - арасындағы билік үшін таласта кез келген мүдделі тарапына толықтай сенбейтіндігін көрсетеді. Әдетте Хаккани тобы Пәкістанның қауіпсіздік мекемесіне жақын болып саналады [20].

Дегенмен, Ауғанстанда тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін инклюзивті саяси құрылымның болуына халықаралық қауымдастықтың мүдделі болып отырғанына қарамастан Талибан басшылығы осы уақытқа дейін аймақтық және халықаралық деңгейде конструктивті түрде осы сұранысты қанағаттандыру бағытында оң белгілерін көрсеткен жоқ. Аймақтық деңгейде Талибан өкілдері Қытай, Ресей, АҚШ және Орталық Азия елдерінің өкілдерімен келіссөздер жүргізді [21]. Байден әкімшілігі халықаралық деңгейде Талибанды 2020 жылғы ақпанда АҚШ-пен келісімде алған міндеттемелерін орындауға бірнеше рет шақырды. Мысалы, Талибан әйелдер мен азшылықты қамтамасыз ететін топтарға тең дәрежеде қарым-қатынаста болуды, елде тиімді заңдылық пен тәртіпті қамтамасыз етуге тиіс болатын. Алайда Талибан 2.0 тарапынан соңғы 1 жыл көлемінде аталған мәселелерді шешуге құлықсыздық танытып келеді [22].

Демек, президент Джо Байден басқаратын АҚШ үкіметі Талибанға қатысты тек қана қатаң саясат ұстанумен шектелмей одан бөлек өзінің одақтастарына Ауғанстанда билік жүргізіп отырған Талибтермен дипломатиялық қатынастарды орнатпауға үндеу жасайды. Батыс үкіметтерінің Талибан тарапынан елді тиімді басқару мен тұрақты экономиканы қамтамасыз ете алмағаны үшін сынға алғаны орынды. Бұған қоса Байден әкімшілігі бұғатталған Ауғанстанның активтерінің жартысын 2001 жылғы 11 қыркүйектегі террористік оқиғалардың құрбандарына беруді ұйғарды [23]. Бұл әрине Талибан билігіне жасалған нақты сигнал болып саналады. Оған себеп АҚШ билігі Талибанды Әл-Каиданың серіктесі ретінде жиырма екі жыл бұрын Америка Құрама Штаттарына террорлық шабуылдарды жоспарлап жүзеге асырған деп есептейді. Шын мәнінде де Әл-Каиданың жоғарғы қолбасшысы Айман Аль-Завахиридің Ауғанстан аумағында жүрген кезінде көзі жойылуы ол күманды растап отыр [24].

Алайда, осы факторларға байланысты АҚШ пен Европалық Одақтың Талибан бақылайтын Ауғанстанға қатысты қатаң ұстанымына қарамастан, Пәкістан соңғы 1 жыл ішінде аймақтық және халықаралық күштерді және басқа да мүдделі тараптарды атап айтқанда жаһандық азаматтық қоғам бірлестіктері сияқты ұйымдарға Ауғанстанға тұтас көзқараспен қарауға, соңғы 40 жыл ішінде (азаматтық) соғыстардың куәсі болған, қарулы қақтығыстарды бастан өткерген,

кедейшілікті көрген ел ретінде қарауға шақырды. Пәкістан әлем елдерін осы қиын кезеңде Ауғанстанды құтқаруға шақырды. Егер Талибан және басқа да саяси ұйымдар саяси тұрғыда тығырықтан шығудың жолын таппаса, Ауғанстанда қайтадан азаматтық соғыс өрті тұтануы мүмкін екендігін ал ол өз кезегінде босқындар ағынының Пәкістан үшін зиянды болатынын, есірткі мен қару-жарақтың саудасы одан әрі күшейе түсетінін және 80-ші жылдардағыдай ауыртпалық Пәкістанға түсетінін ескертуде [25].

Басқаша айтқанда Пәкістан билігі қиын жағдайда қалды деуге болады. Бір жағынан Ауғанстандағы Талибан билігін ресми түрде мойындауға ниеті бар. Бірақ АҚШ-тың қатаң дипломатиясы мен экономикалық ұстанымы ескеруге мәжбүр. Мысалы Қаржы қылмыстарға және ақшаны жылыстатуға қарсы күресетін арнайы топтың (Financial Action Task Force) бақылауында болғандықтан, Исламабад билігі аймақтағы негізгі акторлар мен мүдделі тараптардың ұстанымдарымен есептесе отырып, сәйкесінше саясат жүргізуде.

Біршама уақыт бұрын аймақтық деңгейде Қытай-Ресей-Пәкістан бірлескен блок құра отырып, Талибанды ең болмағанда аймақтық деңгейде мойындау арқылы көмек беруге ұмтылды. Алайда Қытай мен Ресейдің Талибанға қатысты ұстанымдары өздерінің ұлттық мүдделеріне сәйкес бір жерден шықпаған секілді. Мүмін Қытай АҚШ-тың ұстанымдарын есепке алып әрекет етуі ықтимал. Себебі Қытай өз бастамасымен бір жақты Талибан билігін мойындап шешім қабылдайтын болса, алдағы уақытта өзінің ең басты сауда серіктесі болып табылатын Вашингтонмен және оның одақтасы Еуроодақпен геосаяси және сауда қатынастарында текетірестердің одан бетер ушығып кетуі мүмкін екендігін жақсы түсінеді. Ал Ресей үшін де өзінің аймақтық мүдделерін қорғау маңызды болып табылады. Ол Үндістанмен тығыз стратегиялық және сауда қатынастарын жүргізіп келеді [26].

**Ауғанстан мен Пәкістан ара қатынастарының даму болашағы (сценарийлік тұжырым)**

Пәкістан Талибан қозғалысы Ауғанстанда билікке келген уақыттан бастап олардың билігін іс-жүзінде мойындап қарым-қатынас жүргізе бастады. Сонымен қатар, өзінің аймақтағы одақтасы болып табылатын Қытайға да үндеу жасап, Талибанға тиісті қолдау көрсету арқылы ресми мойындауға ықпал етуге тырысты. Исламабад осы арқылы Ауғанстанға ықпал жасап, аймақта өз саясатын жүргізуге ниетті. Дегенмен Пәкістанның бұл әрекеті жоғарыда аталған себептер мен факторларға байланысты іске аспады. Қазіргі уақытта Ауғанстандағы саяси, әлеуметтік-экономикалық және қауіпсіздік жағдайының болашағы бұлыңғыр болғандықтан және шынайы деректердің болмауына байланысты елдің келешек бағытына төмендегідей болжау жасалып отыр. Бұл тұста ең басты мәселе Талибан 2.0 үкіметінің халықаралық қауымдастық тарапынан мойындалуы екенін есепке ала отырып, легитимділікке қол жеткізуге қатысты осы дағдарысты мәселенің ықтимал шешілу жолдарын келесідей үш сценарий тұрғысында қарастыруға болады.

